

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
«ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ» АРНАЙЫ КАФЕДРАСЫ

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ:
ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

Баспаға жіберілді: 06.10.2015 ж.

Көлемі: 1/75 баспа табақ

Офсеттік қағаз

«АЗИАТ» баспа үйі

Шымкент қаласы, Ғ. Иляев көшесі 18 үй, 110 кеңсе

«Талас» ЖК

Шымкент - 2015 ж.

**Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының «ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік универ-
ситетінің «Қазақстан халқы ассамблеясы» арнайы кафедрасы**

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ: ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Маймақов Ғаппар, Қалмұратов Мұратәлі

Шымкент, 2015, 28 бет

Мазмұны

1. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.	4
2. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ.	13
Қорытынды.....	26

«АЗИАТ» баспа үйі, Шымкент қаласы

Қорытынды

Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғам мен мемлекет өмірінде өзіне лайықты орын алып отырған ерекше институт ретінде қалыптасты. Ол көптеген мемлекеттік мәні бар бастамалар мен іс-шаралардың ұйытқысы болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінің басты нәтижесі елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, бірлік пен ынтымақ, достық пен татулық болып табылады. Әрине, бұл жетістіктердің бәрінің негізінде Елбасы, ҚХА төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың аса ауқымды саяси-ұйымдастыру, идеялық қызметтері жатты және осылай бола береді. ҚХА Елбасының саясатын барлық этностар арасында ұтымды жүргізіп келеді.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясының интеллектуалдық әлеуеті мен жиырма жылдық тәжірибесі жинақталып, қоғамды ұйымдастырушы мүмкіндіктері әр қырынан ашылып келеді.

Этносаралық қатынастардың саясиландыруын болдырмау Ассамблеяның маңызды қызметі болып табылады. Ассамблеяның 20 жылдық тәжірибесі көрсеткендей, қоғам мен билік арасындағы, мемлекетте өмір сүріп жатқан этностар арасындағы, әсіресе, қазақ ұлты мен басқа этностар арасындағы өркениетті және ынтымақты қатынастар қалыптасты. Ассамблея этностардың мәселелерін шешудің де орталығы болып табылады.

Сондай-ақ, Ассамблеяның жұмысы тек этносаралық қатынастарды реттеумен шектелмейді. Ол бүкіл қоғамның мәселелерін көтеріп отыр. Сондықтан да Ассамблеяның рөлі уақыт өткен сайын жоғарылай бермек.

КІРІСПЕ

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Аталған бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды.

1995 жылы 16 ақпанда Президент Н.А. Назарбаев еліміздегі ұлттық - мәдени орталықтардың жетекшілерімен кездесу өткізді.

Елбасы республикадағы ұлтаралық келісімді сақтау және оны одан әрі нығайту үшін республикада жаңа қоғамдық институт – Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқын ортақ мүддеге біріктіретін Ассамблея құру қажеттілігі туындап отырғандығына назар аударды.

Ассамблеяның басты мақсаты:

-Қазақстандағы барлық этностардың рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен дамуын қамтамасыз ету; өркениеттік және демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болатындығы айқындалды.

Алдымен барлық облыстарда кіші Ассамблеялар құрылды. Олар республикалық Ассамблеяның I сессиясына 260 делегат сайлады. Қазақстан халқы Ассамблеясының I сессиясы 1995 жылы 24 наурызда Алматы қаласында өтті және оның құрамына 40 ұлттық-мәдени орталықтың өкілдері енді. Сессияда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев баяндама жасап, Ассамблеяның ұйымдастырушылық құрылымдары белгіленді.

1. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Еліміздегі мемлекеттік этносаясаттың дамуын 6 кезеңге бөліп көрсетуге болады:

Бірінші кезең 1991-1995 жж.

Екінші кезең 1995-2002 жж.

Үшінші кезең 2002-2007 жж.

Төртінші кезең 2007-2010 жж.

Бесінші кезең 2010-2012 жж.

Алтыншы кезең 2012 жылдан бастау алады. (Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20 жылдық тарих. – Алматы, «ҚАЗАқпарат» 2015, 77-81 беттер)

Енді осы кезеңдерге қысқаша шолу жасап көрейік.

Бірінші кезеңде – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы (16 желтоқсан 1991 ж.); Қазақстан Республикасының Конституциясы (28 қаңтар 1993 ж.). Декларацияда қазақтар мемлекет құрушы ұлт және Қазақстан мемлекеттілігінің этномәдени дінгегі болып табылатындығы атап көрсетілді. Тәуелсіз Қазақстанның 1993 жылғы Конституциясында қазақ мемлекеттілігінің ұлттық сипатын анықтап берді және азаматтардың бәрінің теңдік құқығы қамтамасыз етілді. Дегенмен, бұл жерде ерекше атап көрсететін мәселе, қазақтардың қазақ жерінде өмір сүріп жатқан басқа этностарға деген топтастырушы, ұйымдастырушы рөлі. Қоғамдық санада, кейбір нышандары болмаса, Қазақстан тек қазақтар үшін деген мақсаттағы қозғалыстар мен белсенді әрекеттер болған жоқ еді. Осы тарихи кезеңде қазақ халқымен бірге басқа да барлық этностар мен дін өкілдерінің толеранттылығының жоғары деңгейі елдің бақуаттылығының өсуі мен дамуына алғышарт жасады.

Бұл кезеңде қоғамдық келісім мен этносаралық интеграцияның негізгі ұстанымдары орнықты. Президент Н.Назарбаев ішкі және сыртқы саясаттың басымдылықтарын айқындай келе, тұрақтылықты, азаматтық бейбітшілікті және ұлтаралық келісімді нығайтуды ерекше атап көрсетті. ҚХА-ның бірінші сессиясында, мен елдің Президенті ретінде тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің

2015 жылғы 19 маусымда Шымкент қаласында Ж.Шанин атындағы облыстық қазақ драма театрында облыс әкімі, өңірлік ассамблеяның төрағасының төрағалығымен «Мәңгілік Ел» - жалпықазақстандық бірегейлік негізі» күн тәртібімен Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының XVIII сессиясы өтті.

Этносаралық келісім мен толеранттылықты одан әрі нығайту бойынша мемлекеттік және қоғамдық азаматтық институттарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында облыс әкімі аппаратының ассамблея хатшылығы тарапынан 2015 жылғы 11 маусымда Сайрам ауданында жергілікті тұрғындармен кездесуі өткізілді.

2015 жылғы 4 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Б.Атамқұлов облыстағы этно - мәдени орталықтардың төрағаларымен және осы салаға қатысты қызметкерлермен кездесті. Кездесу барысында этно - мәдени орталықтарының өкілдері өздерінің атқарып жатқан жұмыстары және шешілмеген мәселелерін айтты. Облыс әкімі олардың пікірлеріне ерекше мән беріп, шешілмеген мәселелерін шешу жөнінде нақты тапсырмалар берді. Облыс әкімі «Қоғамдық келісім» мекемесінде болып, этно - мәдени орталықтардың қызметі туралы фотокөрмелермен танысты.

2015 жылы ақпанда М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да «Қазақстан халқы Ассамблеясы» арнайы кафедрасы құрылды. Кафедра біршама жұмыстар атқарды. Солардың ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясына арнап 2 рет дөңгелек үстелдер өткізді, Қазақстан Республикасының 20 жылдығына арнап 2 рет ғылыми-практикалық конференция, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция, Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған дөңгелек үстел өткізді. Кафедра қызметкерлері университет, қала, облыс көлемінде жарты жылда 40-қа жуық кездесулер мен лекциялар өткізді. 2015 жылдың 28 тамызында Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция өткізді.

бликасының Президенті Н.Назарбаев берген тапсырмалардың аясында облыстық ассамблея хатшылығының ұйымдастыруымен 2015 жылғы 8 мамырда Сарыағаш ауданында және 15 мамырда Мақтарал ауданында жергілікті тұрғындармен кездесулер, сондай-ақ 13 мамырда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Мәңгілік Ел: жасампаз еңбек, бейбітшілік және келісім – ортақ құндылықтар» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізілді.

Жергілікті «Қазақстан-Шымкент» телеарнасында қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдерінің қатысуымен телеконкурс ұйымдастырылды.

20-мамырда Төлеби аудандық Мәдениет үйінде облыстық неміс халқы мәдениетінің фестивалі өткізілді.

23-мамырда күрд этносының тілі, мәдениеті және салт-дәстүрлеріне арналған іс-шара аясында қолөнер бұйымдарының, ұлттық тағамдардың көрмелері, көркем өнерпаз ұжымдарының концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды.

24-мамырда Шымкент қаласының Орталық саябағында Славян жазбасы және мәдениеті күні атап өтілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы аясында 7 маусымда Шымкент қаласы Абай саябағында облыстық татар-башқұрт этномәдени бірлестігі «Сабантуй» мерекесін өткізу барысында қолөнер бұйымдары, ұлттық тағамдар көрмесі, спорттық ойындар, мерекелік концерт ұйымдастырылды. Іс-шараға қала, аудан тұрғындары, 3 мыңнан астам адам қатысты.

2015 жылғы 10 маусымда облыстық ассамблея Кеңесінің отырысы өтті. Кеңес отырысында этномәдени бірлестіктерге ұсынымдық сипаттағы Этномәдени бірлестіктердің жұмыс жоспары ұсынылды. Аталмыш жоспарда «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарын талқылау, мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру мәселелері, ақсақалдар кеңесі, аналар кеңесі, жастар қанаттарының жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жергілікті тұрғындармен кездесулер өткізу қарастырылған. Қазіргі таңда этномәдени бірлестіктердің басшылары мақсатты тиісті жұмыстар жүргізуде.

ең басты міндетім деп санаймын деген болатын (Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20 жылдық тарих. – Алматы, «ҚАЗАқпарат» 2015, 78-79 беттер).

Екінші кезең – Бұл кезеңде қазақстандық бірегейлік өлшемдерінің мазмұны айқындалды және ҚР мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы негізінде Қазақтан қоғамы қазақ ұлтының төңірегіне бірігуді «әралуандықтағы бірлік» қағидаты негізінде қамтамасыз етті. Бұл кезеңде Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган ретіндегі ҚХА-ның маңызды рөлі айқындалды (1995 ж.).

Нәтижесінде Қазақстанда тұратын этностарда ертеңіне деген сенімі нығайып, тіл саясатын жүйелі түрде жүзеге асыруға негіз жасалып, ол заңдық тұрғыда бекітілді. Этностық және конфессияаралық қатынастарды саясаттан тыс арнаға бұру арқылы қоғамдық келісімді нығайтуға қол жеткізілді (Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20 жылдық тарих. – Алматы, «ҚАЗАқпарат» 2015, 79 бет).

Үшінші кезең – 2002-2007 жж. қамтиды. Бұл кезеңде этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін қалыптастыру бағытындағы саясат жүзеге асырылды. Бірқатар нормативтік және бағдарламалық құжаттар дайындалып, қабылданды: ҚХА Стратегиясы, ҚР тілдердің қызметі мен дамуының мемлекеттік бағдарламасы, этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдірудің бағдарламасы (Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20 жылдық тарих. – Алматы, «ҚАЗАқпарат» 2015, 79 бет).

Төртінші кезең – 2007-2010 жж. аралығын қамтиды. Бұл кезең Қазақстан қоғамының тұтас халыққа бірігуге ұмтылысымен, этноконфессионалдық үдерістерге шұғыл жауап беруден жүйелі мемлекеттік этносаясатқа көшумен сипатталады. 2007 жылғы конституциялық реформа демократиялық үдерістердің жаңа кезеңіне жол ашты. Қазақстан қоғамының тұтас халық ретінде интеграциялануына, қазақ тілінің ұйыстырушы рөліне ерекше мән берілді. Бұл кезеңде ҚХА конституциялық мәртебегіне ие болды. Ассамблеяның заң шыға-

рушы орган – Парламенттегі өкілдігі елеулі түрде күшейді. 2008 ж. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданып, Ассамблея «елдің саяси жүйесінің субъектісі ретінде» заңды түрде бекіді. Заңдық негізде Ассамблея этносаралық қатынастарды реттейді және мемлекеттік ұлттық саясаттың жүзеге асырылуына ықпал етеді. ҚХА Стратегиясы 2011 ж. дейін ұзартылды (Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20 жылдық тарих. – Алматы, «ҚАЗАқпарат» 2015, 80 бет).

Бесінші кезең. Бұл белес 2010 жылдан бастау алады. Ол Қазақстанның «Ел бірлігі» доктринасының, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стратегиялық дамуы қабылданды (Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20 жылдық тарих. – Алматы, «ҚАЗАқпарат» 2015, 80 бет).

Алтыншы кезең – 2012 жылдан бүгінгі күнге дейін. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының, Қазақстан халқы Ассамблеясының 2020 жылға дейінгі даму тұжырымдамасының қабылдануымен, ҚР Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында қоғам алдына қойылған міндеттер Қазақстан қоғамының әлеуметтік дамуының жаңа философиясын қалыптастыруға ықпал етеді. Ассамблея саясаттан тыс халық өкілділігінің институтына айналды (Қазақстан халқы Ассамблеясы: 20 жылдық тарих. – Алматы, «ҚАЗАқпарат» 2015, 80-81 беттер).

Ассамблея құру идеясы қоғамды топтастырушы күш ретіндегі тұжырымдама негізінде ұсынылған болатын. Ассамблея мемлекеттік басқару деңгейіндегі ұлттық саясатты жетілдіруге белсенді түрде атсалысады. Ассамблея Президент жанындағы консультативтік кеңесші орган мәртебесіне ие болды. Облыстық кіші Ассамблеяларға әкімшілік басшысы жанындағы орган ретіндегі мәртебесі берілді. Ассамблея құрылған кезден бастап ұлттық саясаттың барлық бағыттары бойынша мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысып келеді.

Ассамблея этномәдени бірлестіктерді құрамына біріктіреді және олардың жетекшілері Қазақстан халқы Ассамблеясы мен кіші ассамблея мүшесі болып табылады. Ассамблея мен этномәдени орталықтар тарапынан көтерілетін бастамалар мемлекеттік деңгейдегі

Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының Жылы аясында республика бойынша өткізіліп жатқан «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 ізгі іс» акциясы эстафетасының символы «Тайқазанды» Маңғыстау облысының делегациясына тапсыру рәсімі өтті.

2015 жылғы 6-7 сәуір күндері Сарыағаш ауданы және Түркістан қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының жылына арналған «Менің Қазақстаным» поезды» акциясы бойынша арнайы поезды келіп тоқтады.

2015 жылғы 5-11 сәуір аралығында Шымкент қаласында Қазақстан ұлттық театрлары III республикалық фестивалі өткізіліп, фестивальге республикалық ұйғыр, корей, неміс драма театрларымен қатар Оңтүстік Қазақстан облыстық қазақ, орыс және өзбек драма театрлары қатысты. Театрлардың қойылымдарына облыстық этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысып отырды.

2015 жылғы 16 сәуірде облыстық ассамблеясы жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың ұйымдастыруымен «Біртұтас болашақ ұлтты қалыптастырудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі» тақырыбындағы «дөңгелек үстел» өткізілді.

2015 жылғы 23 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысының делегациясы Астана қаласында «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» күн тәртібімен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясының жұмысына қатысты.

2015 жылғы 1 мамырда Шымкент қаласы Жаңа әкімшілік-іскерлік орталығының алаңында Қазақстан халқы бірлігі күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында бірқатар азаматтарға Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын мерекелеу аясында «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалі және ел бірлігін нығайтуға, мәдениетаралық диалогты дамытуға және қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» қоғамдық алтын медалі табыс етілді.

«Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» күн тәртібімен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында Қазақстан Респу-

Жыл сайын Оңтүстік Қазақстан облысындағы аудан, қалаларда «Тіл – татулық тірегі» байқауы ұйымдастырылып келеді.

Өңірде мекендейтін этностардың мәдениетін, салт-дәстүрлерін сақтау мақсатында ағымдағы жылы 22 ақпанда облыстық славян этномәдени бірлестігі «Масленица» мерекесін атап өтті. Іс-шараға 1500 адам қатысты.

Облыстық түрік этномәдени бірлестігінің атынан 2015 жылғы 27 ақпанда «ҚХА – 20 ізгі іс» республикалық эстафетасының аясында Түркістан қаласында Қ.А.Ясауи кенесінің басында құрбандық шалынып, аз қамтамасыз етілген отбасыларға тарқатылып берілді.

2015 жылғы 1 наурызда Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай «Менің елім - Мәңгілік ел» атты мерекелік іс-шарасы өткізілді. Іс-шараға 1000-ға жуық адам қатысты.

2015 жылғы 3 наурызда «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кіші мәжіліс залында Оңтүстік Қазақстан облыстық «Қазақстан халқы Ассамблеясының» хатшылығы «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру аясында жастарға рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді.

2015 жылғы 13 наурызда «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кіші мәжіліс залында Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы «Нұр Отан» партиясы XVI съезінің Н.Ә.Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидат етіп ұсыну жөніндегі шешімін қолдау бойынша жиын өткізді.

2015 жылғы 19 наурызда «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залында Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен «Қазақстан – ортақ үйіміз» форумы өтті.

2015 жылғы 21 наурызда Шымкент қаласының Тәуелсіздік саябағында Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен Наурыз мерекесінің аясында «Бір ел – Бір тағдыр» фестивалі өтті.

қолдауға ие болады.

1995 жылы сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясы республика тарихында алғаш рет Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігін 2000 жылы 1 желтоқсанына дейін ұзарту жөніндегі жалпыхалықтық референдум өткізу туралы бастама көтерді. Мұндай маңызды қоғамдық бастамадан кейін іс жүзінде Ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастыратын белсенді қоғамдық институтқа айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылғы Конституцияның қабылдануына да үлкен қолдау білдірді. Бұл тарихи оқиғалар еліміздегі қоғамдық - саяси және құқықтық ахуалға оң өзгерістер әкелгені баршамызға аян.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сан алуан этностарды азаматтық тұрғыда топтастырудың қуатты құралдарының біріне айналды. Жалпы алғанда, өз қызметінің алғашқы күндерінен бастап Ассамблея еліміздегі этностардың мәдениетінің қайта жаңғыруы мен дамуына елеулі үлес қосып келеді. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениетінің фестивальдері, татарлар мен башқұрттардың сабантойы жалпыхалықтық сипатқа ие болды. Дүнгендер, курдтар сияқты т.б. халықтардың мейрамдары мен түрлі форумдары республикалық деңгейде дәстүрлі түрде өткізіліп отырады.

Ассамблеяның белсенді қызметінің нәтижесінде Қазақстандағы этностардың мәдени өмірі жандана бастады. Өйткені Ассамблея этникалық топтар арасындағы ұйымдастыру жұмыстарының орталығына айналды. Ассамблея органдарына мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты этномәдени орталықтардың мәселелері жедел шешімін тауып, кейбір өзекті мәселелер бойынша үкімет деңгейіндегі шешімдер қабылданады. Ассамблея Кеңесінің шешімімен этномәдени орталықтарға қаржылай және ұйымдастыру жұмыстары бойынша көмек көрсету мақсатында республикалық қор құрылған. Бұл қордың бөлімшелері әрбір облыстарда ашылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы республикалық «Ақиқат» және «Мысль» журналдарының құрылтайшысы және де ассамблея жанынан шығатын «Достық - Дружба» журналы бүкіл елімізге тара-

лады. Ассамблея ЕҚЫҰ-мен де тығыз байланыста жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен 1996 жылдан бері 1 мамырда Қазақстан халқы бірлігі мерекесі ретінде атап өтілуде. Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір этностың мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік. Ассамблея көпұлтты Қазақстан халқын топтастырушы институт ретінде қалыптасып болды деп есептеуге толық негіз бар. Ассамблея Қазақстан азаматтарын отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге, халықтар арасындағы достық пен бірлікті нығайту ісіне өлшеусіз үлесін қосып келеді.

Ассамблеяның ең жоғарғы органы Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы болып табылады. Ал Ассамблея Кеңесі заң жобаларын сараптамадан өткізу, мемлекеттік тіл мен еліміздегі барлық халықтардың тілін және мәдениетін дамыту, жастардың бойында қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру, БАҚ-пен тығыз байланыс орнату, халықаралық байланыстар жүргізу, әрбір этностың мәдени дамуына ықпал ету сияқты, өзге де жұмыстарды жүзеге асырады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы үнемі даму үстінде болатын орган. Оған дәлел бола алатын құжаттар 2002 жылы 26 сәуірдегі Президент Жарлығымен қабылданған Қазақстан халқы Ассамблеясының 2011 жылға дейінгі даму стратегиясы және «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже». Қазақстан халқы Ассамблеясын одан әрі жетілдіру туралы Президент Жарлығына сәйкес Президент Әкімшілігі мен облыс әкімдері аппаратының құрылымында Ассамблеяның жұмыс органы – хатшылықтар құру туралы нұсқау берілген. Ал бұл органдар өз кезегінде ассамблеяның барлық жұмыстарының тиімділігін арттыруға үлкен септігін тигізді.

Ассамблеяның өткізген барлық сессияларында Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанда ұлтаралық татулық пен келісімді нығайта беру бағытында ізденістерді жалғастырудың қажеттілігіне баса назар аударып отырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы үлгісінде Ресей Федерациясында, Қырғызстанда халық Ассамблеялары құрылды. Бұл жерде тағы бір

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің конференц-залында «Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихы» атты іс-шара ұйымдастырылды. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының акт залында «Бүгінгі келісім – болашақ бейбітшіліктің кепілі» атты салтанатты жиналыс өткізілді.

2015 жылғы 4 ақпанда Түркістан қаласында «Қазақстан халқы Ассамблеясы - 20 ізгі іс» республикалық эстафетасының бас белгісі «Тайқазанды» ұлықтау рәсімі «Тайқазан – игілікті істердің символы» салтанатты шарасы өтті.

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының қызметкерлері, жергілікті ақсақалдар, зиялы қауым өкілдері, облыстық этномәдени бірлестіктерінің басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

2015 жылғы 6 ақпанда сағат 11.00-де Шымкент қаласы «Түркістан» сарайында «Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының бастау алуы» салтанатты синхрон-акциясы өтті.

Синхрон-акция жаңа әкімшілік-іскерлік орталығындағы алаңда «Қазақстан халқы Ассамблеясының» жылы Ассамблея Туын көтеруден басталды.

Сонымен қатар осы алаңда «Жастар қоғамдық келісімді қолдайды» атты флеш-моб ұйымдастырылды. Флеш-моб Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы, Қазақстан халқы Ассамблеясы және Оңтүстік Қазақстан облысы эмблемаларын және гелий шарларын әуеге ұшырумен қорытындыланды.

2015 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Г.Н.Әбдіқалықова Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы шеңберінде, облыстық Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығында «Қазақстан халқы Ассамблеясының – қоғамдық келісім мен бірлікті нығайту жылы» тақырыбында Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен, этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен кездесті.

өркендеу» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Жиынға Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің басшылары, жастар қанаттарының төрағалары, ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың, Аналар кеңесінің мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

2013 жылғы 22 қарашада Астана қаласында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Хатшысының қатысуымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кеңейтілген отырысында Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы қанағаттанарлық деп бағаланып, жинақталған оң тәжірибесін республика бойынша тарату және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына және бірқатар министрліктермен, облыс әкімдігімен бірлесе отырып, облыстың этносаралық жағдайын кешенді зерттеу жүргізу жөнінде тапсырма берілген.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы қоғамдық-саяси ахуалды, этностар арасындағы қарым-қатынас жағдайы мен тұрғындарды толғандырып отырған өзекті мәселелерді анықтау мақсатында социологиялық зерттеулер жүргізілуде. Жүргізілген социологиялық зерттеулердің қорытындысы облыстағы этносаралық қарым-қатынас жағдайы тұрақты екенін көрсетіп отыр.

Облыстық ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топ 2014 жыл кезеңі ішінде жергілікті тұрғындар арасында «Оңтүстік Қазақстан облысындағы этноконфессиялық ахуал» тақырыбында 4 топ-сандық социологиялық сауалнама өткізді.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы облыс тұрғындарының басым көпшілігі тәуелсіздік жылдары ішінде қол жеткізген елдегі бірлік пен этностар арасындағы келісім бұрынғы деңгейде сақталып, әрі қарай нығаю үрдісі бар екендігін көрсетіп отыр.

2015 жылғы 3 ақпанда Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы аясында жоғарғы оқу орындарында этномәдени бірлестіктері өкілдерінің, облыстық ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топ мүшелерінің қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихы жөнінде дәріс-презентациялар өткізілді. М.Әуезов атындағы

ерекше атап көрсететін жайт, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің деңгейі жағынан да, қызметінің ауқымы жағынан да дараланып тұрады.

Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Ассамблеяның негізгі міндеттері:

1) этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

2) халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

3) қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

4) азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

5) Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

6) Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Ассамблеяны құрады және қайта ұйымдастырады, Ассамблея қызметінің бағыттарын айқындайды, Ассамблея басшылығының лауазымды адамдарын қызметке тағайындайды; Ассамблея Кеңесін шақырады; басқа да қызметтерді Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентіне — Елбасына Қазақстан халқы Ассамблеясын өмір бойы басқару құқығы тиесілі.

Ассамблеяның құрылымын Ассамблея Сессиясы, Ассамблея Кеңесі, Ассамблея Хатшылығы, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары құрайды.

Ассамблея Сессиясы – Ассамблея мүшелерінің жиналысы Ассамблеяның жоғары басқарушы органы болып табылады. Сессияны Қазақстан Республикасының Президенті қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырады. Кезекті Сессияны шақыру туралы өкім кезекті Сессияның өткізілетін күні, орны және күн тәртібі көрсетіліп, ол басталғанға дейін отыз күннен кешіктірілмей қабылданады, бұл туралы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады. Кезектен тыс Сессия Ассамблея Төрағасының, Ассамблея Кеңесінің бастамасы бойынша немесе Ассамблея мүшелері жалпы санының кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырылады және оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде өткізіледі. Сессиялар аралығындағы кезеңде Ассамблеяны басқаруды Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылатын Ассамблея Кеңесі жүзеге асырады. Кеңестің құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының барлығы 22 сессиясы өткен:

1 құрылтай сессиясы (1995ж. наурыз) – «Біздің ортақ үйіміздегі бейбітшілік пен келісім үшін».

2 сессия (1995ж. маусым) – «Өткенді ұғыну және қоғамның демократиялық реформалануы».

3 сессия (1996ж. сәуір) – «Қоғамдық келісім – Қазақстанның демократиялық дамуы».

4 сессия (1997ж. маусым) – «Тарихи зерде, ұлттық келісім және демократиялық реформалар – Қазақстан халқының азаматтық таңдауы».

5 сессия (1999ж. қаңтар) – «Ұлттық келісім – Қазақстанның дамуы мен тұрақтылығының негізі».

отырады.

2014 жылғы 17-19 мамыр аралығында Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласында өткен «Біз - бір халықпыз» атты Достық фестиваліне облыстық өзбек драма театры И.Зайырдың «Қарыз» спектаклімен қатысып, «Үздік театр» номинациясын иеленіп қайтты. Осы фестиваль аясында өткен халықаралық айтысқа облыстың атынан айтыскер ақындар қатысты.

Сонымен қатар, осы фестивальдің шеңберінде Оңтүстік Қазақстан облысы өзбек мәдени орталығының демеушілігімен түсірілген Өзбекстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, режиссер Г.Шермухамедовтың Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық туралы «Біз – бір халықпыз» атты деректі фильмінің тұсаукесері өтті.

Жыл сайын «Русская песня - русская душа» атты байқауы өткізіледі. Байқауда орыстың халық әндері мен орыс композиторларының шығармалары орындалады. Байқауға Ресейдің романс орындаушысы, халықаралық байқаулардың лауреаттары шақырылады.

2014 жылғы 23 қазанда «Қоғамдық келісім – Қазақстандағы тұрақтылық пен дамудың негізі» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді. Конференцияға өңірдегі жоғары оқу орындарының оқытушылары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің басшылары, жастар қанаттарының төрағалары, ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың, Аналар кеңесінің мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Тәуелсіздігі күні қарсаңында, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 2014 жылғы 22 қарашада облыстық этномәдени орталықтар арасында спорттың 5 түрінен спартакиада өткізілді.

2014 жылғы 25 қарашада Мемлекет Басшысы Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі ережелерін түсіндіру және насихаттау бойынша «Нұрлы жол» – бейбітшілік, тұрақтылық,

іс-шара «Қазақстан – достық пен бейбітшілік мекені» тақырыбында Шымкент қаласындағы Әл-Фараби алаңында өтті. Оның аясында театрландырылған көрініс, хореографиялық композиция, өнер ұжымдарының концерті, облыстық этномәдени орталықтарының күшімен дайындалған «Ынтымақ ауылы» атты ұлттық тағамдар көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шараға 5000-нан астам адам қатысты.

Іс-шарада облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны, достық пен ұлтаралық келісімді нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін этномәдени орталықтарға Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің гранты табыс етілді.

Облыстың барлық қалалары мен аудандарында мерекелік шерулер, көркемөнерпаздар ұжымдардың қатысуымен концерттер, фестивальдар, спорттық іс-шаралар, көпшілік серуендер ұйымдастырылды.

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне байланысты Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы мен басқа барлық аудан, қалаларында тиісті іс-шаралар, соның ішінде гүл шоқтарын қою рәсімі, митингтер, көпшілік және зиялы қауым жиындары өткізіліп, мұражайлар мен кітапханаларда тақырыптық көрмелер ұйымдастырылды.

2014 жылы нәубет кезеңдерін еске алумен қатар, негізгі басымдық туылғандарына 120 жыл толған Алаш арыстары – С.Қожанов, Т.Рысқұлов, А.Сейітов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б. Майлиндерге арналып өткізілді.

Өткізілген іс-шаралардың барлығы облыстық және республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, осы іс-шараларға 10 мыңға жуық адам қатысты.

Өңірде мекендейтін этностардың мәдениетін, тілін және салт-дәстүрлерін сақтау мақсатында жыл бойы жеке кесте бойынша этнос күндері өткізіледі.

Өзбекстан Республикасында тұрып жатқан қазақ диаспорасымен өзара ынтымақтастық бағытындағы жұмыс жолға қойылған. Жыл сайын өзбекстандық делегация дәстүрлі мерекелерге қатысып

6 сессия (1999ж. желтоқсан) – «Достық пен келісіммен ХХІ ғасырға».

7 сессия (2000ж. желтоқсан) – «Халықтың рухани мәдени дамуы – Қазақстанның тәуелсіздігін тұрақтандырудың негізі».

8 сессия (2001ж. қазан) – «Тәуелсіздікке 10 жыл: бейбітшілік, прогресс және қоғамдық келісім».

9 сессия (2002ж. қараша) – «Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы: ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық әлем».

10 сессия (2003ж. желтоқсан) – «Ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделі: тәжірибе және болашақ».

11 сессия (2005ж. қараша) – «Бейбітшілік, ұлтаралық келісім мен жасампаздықтың 10 жылы».

12 сессия (2006ж. қараша) – «Әржүректе – бір ел».

13 сессия (2007ж. тамыз) – «Бейбітшілік, тұрақтылық және келісім біздің ең басты ұлттық басымдықтардың айналасында қоғамды біріктіруіміз керек».

14 сессия (қазан 2008ж.) – «Еліміздің күші – халықтың бірлігінде».

15 сессия (2009 ж. қазан) – «Ұлттық бірлік – біздің стратегиялық таңдауымыз».

16 сессия (20.10.2010 ж.) - «Қазақстан халқы Ассамблеясы: Сенім. Дәстүрлер. Ашықтық. Төзімділік».

17 сессия (18.04.2011г.) - «Тәуелсіз Қазақстан: бейбітшіліктің, келісім мен жасампаздықтың 20 жылы».

18 сессия (16.01.2012ж.) – «Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Қазақстан Республикасы Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлауы».

19 сессия (27.04.2012ж.) - «Қазақстандық бағыт: тұрақтылық, бірлік, жаңғыру».

20 сессия (24.04.2012ж.) - «Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр».

21 сессия (18.04.2014ж.) - «Қазақстан-2050» стратегиясы : бейбітшілік, рухани және келісім мәдениеті».

22 сессия (23.04.2015ж.) - «Қазақстан-2050» Стратегиясы:

бейбітшілік, руханият және келісім мәдениеті».

Осы сессиялардың барлығында да ҚР Президенті, ҚХА төрағасы Н.Ә.Назарбаев баяндамалар жасап отырды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыс органы оның Хатшылығы дербес құрылымдық бөлім ретінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрамына кіреді.

Ассамблеяның және облыстар (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеяларының құрамы - этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерінің, мемлекеттік органдар өкілдерінің және олардың қоғамдағы беделі ескеріле отырып Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан қалыптастырылады. Қазіргі уақытта Ассамблеяның құрамында 382 мүше бар.

Ассамблеяға мүшелікке кандидатуралар облыстардың этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктерінің ұсыныстары негізінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ассамблеялары сессияларының шешімі бойынша, сондай-ақ республикалық, өңірлік этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдарының шешімі бойынша ұсынылады.

Еліміздегі барлық этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Жалпы алғанда негізінен, Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсіністік ахуалы қалыптасты.

Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 820-дан асады, оның ішінде 28-і республикалық.

2011 жылдан бері облыс әкімі жанында және барлық қалалар мен аудандарда «Ырыс алды - ынтымақ» қоғамдық форумдары құрылып, әрекет етуде, олардың құрамына мемлекеттік құрылымдардың, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, этномәдени орталықтардың, діни бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, ауыл ақсақалдары, мәслихат депутаттары енгізілген.

Форумның мақсаты – халық бірлігін одан әрі нығайту, азаматтардың саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық институттар мен жергілікті атқарушы органдар арасында тығыз қарым-қатынас орнату, ел бірлігіне байланысты өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2014 жылғы 29 сәуірде Түркістан қаласында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі жанындағы «Ырыс алды - ынтымақ» қоғамдық форумы мен облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының бірлескен «Тұрақтылық тұғыры - татулық» атты жиыны өткізілді. Жиын ағымдағы жылда 18 сәуірде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев берген тапсырмалардың аясында өтті.

Облыста «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, сонымен қатар «Достық» мұражайы, облыстық қазақ, орыс, өзбек драма театрлары әрекет етеді.

2014 жылғы 4 желтоқсанда облыс орталығында жаңа тарихи-мәдени кешеннің құрамына кіретін «Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы» ашылды. Аталмыш орталықтың қызметі - ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды ғылыми зерттеу, саралау, заманауи жетілдіру, бір жүйеге келтіру; мектепке дейінгі мекемелерде, орта, арнайы орта, жоғары оқу орындарында күнделікті қолданысқа енгізу бойынша әдістемелік көмек көрсету; арнайы әдебиет шығару; бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жариялау; семинар, конференциялар өткізу.

Облыстық ассамблея және этномәдени бірлестіктер тарапынан этносаралық келісімді сақтауға бағытталған көптеген іс-шаралар өткізіледі.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған басты

Өңірде 20 облыстық этномәдени орталық, қалалар мен аудандарда олардың 51 филиалы әрекет етеді.

Облыстық ассамблея және оның құрамына кіретін этномәдени қоғамдық бірлестіктер ұйымдастыратын елдегі этносаралық келісімді қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шараларға облыстық бюджеттен қаржы бөлінеді.

Облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысқаны, достық пен ұлтаралық келісімді нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін, этномәдени бірлестіктерге жыл сайын облыс әкімінің гранты, этностар арасындағы достықты, бейбітшілік пен этносаралық татулықты нығайтудағы жасампаз еңбегі үшін облыс әкімінің «Бауырмал» сыйлығы белгіленген.

Облыстық ассамблеяның төрағасы ретінде облыс әкімінің Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен, этномәдени орталықтардың төрағаларымен және өкілдерімен жылына екі рет кездесулер ұйымдастырылады. Сонымен қатар, жылына бір рет өңірлік ассамблеяның кезекті сессия және жылына екі рет кеңес отырысы өткізіледі. Сондай-ақ этномәдени бірлестіктердің төрағалары облыс басшысының қатысуымен өтетін барлық жиындар мен іс-шараларға қатысып отырады.

Қазіргі таңда облыста 182 газет, 38 журнал шығады, оның ішінде орыс тілінде - 21, өзбек тілінде – 6; сонымен қатар 10 телеарна, 3 радио әрекет етеді. Барлығы 240 бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс жасайды.

Жерлігікті телеарналарда «Қазақстан – ортақ үйіміз», «Сто этносов», «Юртимиз жамоли» («Еліміздің келбеті») бағдарламалары көрсетіледі.

«Южный Казахстан» облыстық қоғамдық-саяси газетінде облыстық ассамблеяның қызметін және өңірде мекендейтін барлық этностардың тарихын, мәдениетін және салт-дәстүрлерін көрсететін ай сайын «Шаңырақ» арнайы қосымшасы шығарылады.

Облыста 1022 мектеп бар, оның ішінде орыс тілінде – 9, өзбек тілінде – 19, тәжік тілінде – 4 және аралас – 249 мектеп бар.

15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, кәріс және неміс театрлары жұмыс істейді.

Өр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Жыл сайын халықтық мерекелер Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой дәстүрге айналды.

2. ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚЫЗ- МЕТІ ЖӘНЕ ІС-ТӘЖІРИБЕСІ

Ассамблея қызметі этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешуге үнемі ықпал етіп келеді және ол еліміздің халықаралық беделінің өсуіне де тиімді жағдай жасауда. 2010 жылы Қазақстанның Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етуіне негізгі себептерінің бірі елімізде қалыптасқан этносаралық татулық пен қоғамдық келісім болды. Ал осы этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді қалыптастыруда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев басқарып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі үлкен болды.

Оңтүстік Қазақстан облысы ерекше этносаралық жағдайларға ие. Аймақтағы этноәлеуметтік ахуалдың қазіргі жағдайын көрсететін талданған материалдардың сипаты мынадай:

2015 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының саны 108 этностан тұратын 2 813,6 адамды құрайды (<http://www.ontustik.stat.kz/kz/>). Оның ішінде қазақтар - 1,9 млн. (72 %), өзбектер – 456 мың (17%), орыстар – 133 мың (6%), тәжіктер мен әзірбайжандар шамамен бірдей – 32 мыңнан

(1,2%) және басқа этнос өкілдері - 1%-ға жетпейді.

Тәжірибе көрсеткендей, Қазақстанның оңтүстік аймағындағы этносаралық қатынастар келесі өзара ықпалдастық элементтері арқылы қалыптасып келеді:

- әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде зайырлы мемлекет құрамындағы облысты дамыту;

- қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі топтаушылық рөлінің ерекше көрініске ие болуы;

- Ислам дінінің Ханафилік мазхабының қазақ халқына және басқа да түркі тілдес этнос өкілдеріне ортақтылығы, сондай-ақ, облыстың көпконфессиялылығы және олардың арасында ынтымақтың орнауы;

- Қазақстанның оңтүстік өңірі тұрғындарының бір бөлігінің түрлі діни қозғалыстар ықпалына ұшырауы және өңірдің радикалдық Ислам ағымдарының ықпалы бар Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкістан т.б. мемлекеттеріне жақындығы;

- осы аймақтың саны салыстырмалы түрде азая бастаған славян тектес халықтардың тарихи отандарынан алшақтығы, олардың біршама оқшаулануы;

- Оңтүстік Қазақстан облысында жинақы шоғырланған ауқымды өзбек диаспорасы өкілдерінің болуы;

Облыстың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына үлкен әсер ететін Оңтүстік Қазақстан облысының өзіне тән ерекшеліктері мыналар:

- облыста ауқымды демографиялық әлеуеттің шоғырлануы – мұнда ел тұрғындарының 15%-дан астамы тұрады.

- халықтың тығыздығы бір шаршы метрге 22,7 адамды құрап, бұл республика облыстарының арасында ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

- туылу деңгейі 1000 адамға шаққанда 22,6 сәбиден келеді. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстанның оңтүстігін қазақ ұлтының алтын бесігі деп текке айтпайды.

Облыс аумағында 20 облыстық этномәдени бірлестіктер және олардың қалалары мен аудандарындағы 51 филиалы жұмыс істейді.

- жекелеген этнос өкілдерінің ұзақ тарихи кезең барысында белгілі-бір аймаққа жинақы шоғырлануы. Мысалы: өзбектер – Сайрам, Төлеби, Сарыағаш аудандары, Түркістан қаласы; тәжіктер – Мақтарал ауданы; күрд, шешендер – Төлеби ауданы.

- облыста 11 діни конфессия құрамына кіретін 59 өзіндік діни бірлестіктер мен 778 облыстық филиалдар жұмыс істейді.

Бұдан басқа, бірқатар исламдық деструктивті ағымдар ресми емес түрде жұмыстарын жүргізуде.

- Оңтүстік Қазақстан облысына ресми (квота бойынша) және ресми емес (квотасыз) түрде оралмандардың ауқымды саны келуінің тұрақты беталысы сақталуда.

Тек ресми статистикалық мәліметтер бойынша, облысқа 1991 жылдан 2013 жылға дейінгі аралықта 197 168 адам немесе Қазақстанға тиесілі жалпы оралмандар санының 21,3%-ы келген.

- (ресми де, заңсыз да) еңбек миграциясының жаппай сипаты әсіресе көктем-күз кезеңінде орын алады. Тек Өзбекстаннан Оңтүстік Қазақстанға келген еңбек мигранттарының саны жекелеген мемлекеттік құрылымдар бағалауы бойынша 200 мың адамды, ал кейбір үкіметтік емес ұйымдар бағалауы бойынша 500 мың адамды құрайды. Толықтай айқын себептер бойынша аталған ерекшеліктер тек облыстың географиялық орналасуының ғана емес, сонымен қатар жергілікті тұрғындар өмірінің ерекшелігінің, олардың өзіндік менталитеті мен спецификалық бейбітсүйгіштігінің нәтижесі болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің және облыстық Ассамблеяның ұйымдастыруымен үлкен іс-шаралар өткізіліп келеді.

Облыстық ассамблея хатшылығының жұмыс жоспарына сәйкес балаларға арналған жаңажылдық таңертеңгіліктер, «Рождество», Шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жыл, «Масленица» мерекелері, «Наурыз мейрамы», армян, әзірбайжан, иран этностарының тілі, мәдениеті мен салт-дәстүрлері жыл сайын атап өтіледі.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы 2014-2015 жылдарғы этносаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жүзеге асыру бағытындағы кейбір іс-шараларға тоқтала кетейік.